

Т.Т. Жұмағұл*, PhD докторанты
Л.Ж. Аширбекова, э.ғ.к., аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті, Алматы қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: torekhan07@gmail.com

АҒЫМДАҒЫ DAҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

Зерттеуде ағымдағы дағдарыс кезінде жаһандық тікелей шетелдік инвестициялар мен экономикалық өсімнің жаңа құрылымдық өзгерістері анықталды. Бүгінде COVID-19 індетінің әсері мен Украинадағы жағдай жаһандық тікелей шетелдік инвестициялар жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Ол жаһандық құн тізбегін құруда тұрақты даму тәуекелдері, мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастардың қиындауы мен саудадағы қолдамаздыққа көрініп отыр. Сондықтан мақалада ағымдағы дағдарысты ескере отырып, жаһандық экономиканың дамуында тікелей шетелдік инвестицияларға және экономикалық өсімге сипаттаушы баға берілді әрі құрылымдық талдаулар жасалды. Зерттеу халықаралық, және қоғамдық ұйымдардың қолжетімді мәліметтері мен әлемдік ғылыми зерттеулердің негізінде жүзеге асырылды. Сондай-ақ ағымдағы дағдарыстың оған қоса сыбайлас жемқорлықтың да тікелей шетелдік инвестицияларға және экономикалық өсімге тиер кері әсерлері қарастырылған. Нәтижесінде алдағы уақытта трансұлттық корпорациялар жергілікті тәуекелдерді есепке ала отырып, қаржы жұмсалымын әртараптандыратын болады. Индет себебінен тікелей шетелдік инвестициялар ағыны мен экономикалық өсім тежелген, сәйкесінше көптеген салаларда табыстың қайта инвестицияланбауы байқалады. Одан бөлек, ағымдағы дағдарыста үкіметтер жаңа тікелей шетелдік инвестицияларды тартуды ғана емес, оларды ұстап қалу жолдарын да жаңартулары қажет деп есептейміз.

Кілт сөздер: тікелей шетелдік инвестициялар, COVID-19 індеті, трансұлттық корпорациялар, экономикалық өсім, жаһандық дағдарыс, инвестиция, жаһандық құн тізбегі, сыбайлас жемқорлық, қабылдаушы мемлекет, экономика.

Ключевые слова: прямые иностранные инвестиции, пандемия COVID-19, транснациональные корпорации, экономический рост, глобальный кризис, инвестиция, глобальные цепочки стоимости, коррупция, принимающая страна, экономика.

Keywords: foreign direct investment, COVID-19 pandemic, multinational corporations, economic growth, global crisis, investment, global value chains, corruption, host country, economy.

Кіріспе. Соңғы айлардағы Украинадағы жағдай жаһандық тәуекелдерді күшейтуде. Оған дейінгі індеттің салдарынан болған экономикалық жаһанданудың бәсеңдеуі нәтижесінде халықаралық сауда, өндіріс, ТШИ мен портфельдік инвестициялардың өзгеру көлемі бұрын-соңды болмаған шекке жеткен. Қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау мақсатында енгізілген карантиндік шаралар көптеген өнеркәсіптердің жабылуына және жаһандық құн тізбегінің әлсіреуіне әкелді. Дамушы елдердегі капиталдардың кетуі байқалды. Ал, қазіргі жаңа ахуал әлемдік экономиканың қайта қалпына келуіне кері әсерін тигізіп отыр. Бұл әлемдегі жоғары инфляцияға, баяу өсімге, қаржылық жағдайды қиындатуға әкелуде.

Зерттеудің мақсаты - ағымдағы дағдарыс кезінде жаһандық тікелей шетелдік инвестициялар мен экономикалық өсімнің жаңа құрылымдық өзгерістерін анықтау. Зерттеуде ағымдағы дағдарыс кезінде жаһандық тікелей шетелдік инвестициялар мен экономикалық өсімнің жаңа құрылымдық өзгерістері анықталды. Зерттеуде тек ТШИ-ды нысан ретінде алу күрделі болғандықтан, қазіргі әлемдік дағдарыс жағдайында жаһандық ТШИ ағынының дамуы мен экономикалық өсімді анықтау, құрылымды динамикалық статистикалық талдау мен негізгі ықпалдарға кешенді сипаттамалық бағалауға негізделген жүйелік тәсілдер қолданылған. Зерттеудің эмпирикалық негізіне БҰҰ-ның сауда және даму конференциясының 1970-2020 жылдарға арналған жаһандық ТШИ көрсеткіштері және ЭЫДҰ-ның қазіргі дағдарыстың жаһандық ТШИ-ға ықпалы мен ТҰК-лар стратегияларына қатысты сараптамалық деректері алынған.

Зерттеуде ағымдағы дағдарыс жағдайындағы жаһандық ТШИ-лар мен экономикалық өсімнің құрылымдық өзгерістері қарастырылған. Сондай-ақ ұлттық компанияларға қарағанда шетелдік инвестор компаниялардың технологиялық басымдылықтарына мән берілген.

Елдер арасындағы технология дамуының алшақтануы ТШИ саласында құрылымдық бұрмалануға әкелуі мүмкін деп есептейміз, яғни кей мемлекеттер тұрақты таза экспорттаушыларға, ал кейбіреулері таза импорттаушыларға айналуы мүмкін. Ал ТШИ орны жаңа технологиялардың келуінде аса маңызды фактор болып табылады.

Салдарынан технологиялық компаниялардың халықаралық аренадағы бәсекелестік өсімі байқалады, олар көбіне табысты цифрлық стартаптарды сатып ала отырып, бөлшек саудаға немесе басқа да қызмет түрлеріне ауысып кеткен. Әлем экономикалары ІТ саласына орасан зор мән беруде.

Әдебиеттік шолу. Әдебиеттерде ТШИ ағыны қабылдаушы елге үлкен табыстар әкеледі дегенімен ТШИ-дің экономикалық өсімге қарама-қайшы нәтижелер көрсететін эмпирикалық зерттеулер бар [1]. Ал кейбір зерттеулерде ТШИ қабылдаушы елдердегі экономикалық өсімге оң әсер беретіндігін айтады [2]. Соңғы зерттеулер ТШИ-дің экономикалық өсімге әсерін меңгеру қабілеті төмен (нашар) елдерде күшті болмауы мүмкіндігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, қабылдаушы елдерде ТШИ ағындарынан пайда көре алатын белгілі бір қасиеттері болуы керек.

Жалпы ТШИ қабылдаушы елге макро және микро деңгейде әсер ете алады. Микродеңгейде ТШИ-лар жаңа технология, білікті мамандар даярлау арқылы менеджмент пен техникалық тиімділікке оң әсер етуі мүмкін. Макродеңгейде экономикалық өсім, жұмыспен қамту, экспорт және импортқа, сондай-ақ қаржылық тұрғыдан пайыздық мөлшерлеме, валюта бағамы, инфляция, төлем теңгерімдеріне әсер етуі мүмкін [3-4].


Экономикалық әдебиеттерде экономикалық өсімге әсер етуі мүмкін бірнеше жолдар қарастырылған [5]. Кей ғалымдар сыбайлас жемқорлықтың инвестицияға сөзсіз теріс әсері барын эмпирикалық зерттеулерінде көрсетеді [6]. ТШИ-ді тарту және оны ұстап қалу үшін елдегі экономикалық өсімді сақтау үшін сыбайлас жемқорлықты бақылау қажет әрі елдегі экономикалық және саяси тұрақтылық, сондай-ақ экологиялық саясаттың қатаңдығы маңызды.

Негізгі бөлім. 1980 жылдардан бастап әлемде өнеркәсіп өндірісі мен тікелей шетелдік инвестициялар (бұдан әрі - ТШИ) жаһандық құн тізбегін құрастыру аясында ұйымдастырылған, яғни дайын өнімді бір жерде жинау не құрастыру үшін шикізат бірнеше шекарадан өткізіледі, ал кейін басқа елдердегі түпкі тұтынушыларға қайта экспортталады. Міне, дәл осындай жаһандық құн тізбегінің орталығы бүгінде Қытай болып отыр. Қытайда 1978 жылы басталған экономикалық реформалар және одан кейінгі сауданы ырықтандыру 2016 жылы елді әлемде екінші ірі экономикаға айналдырды. Еркін нарық реформалары жүзеге асырылғаннан бастап 40 жыл ішінде Қытайдың әлемдегі ең қарқынды дамушы экономикалардың қатарына кіруіне тікелей шетелдік инвестициялар маңызды рөл атқарды. Экономиканың жетілуіне байланысты ЖІӨ өсімі 2007 жылы 14,2%-дан 2018 жылы 6,6%-ға дейін бәсеңдеген. Өйткені Қытай өсімнің жаңа формуласын қабылдаған, ол жерде ауқымды капитал салымдары мен экспортқа қарағанда ұзақ мерзімді экономикалық өсім беретін сыртқы инвестицияларға көбірек сүйенеді [7].

ТШИ экономикалық өсімге әсері әдебиеттерде кеңінен талқыланған. Соңғы жылдары бұл тақырыпқа қызығушылық саясаткерлерде де пайда болды, нәтижесінде ТШИ-ді көбірек тартуға себеп болды. Солайда 1980 жылдары көптеген елдер шетелдік капиталдардың ағымына қойылған шектеулерді алып тастады. Дегенмен дамыған елдердің трансұлттық корпорациялары (бұдан әрі - ТҰК) әлемдік нарықта үстемдік етуін жалғастыруда, себебі оларға жаһандық ТШИ-дің көп бөлігі тиесілі. Қазірде ТҰК-тың жаңа бөлімшелерін орналастыру туралы шешімі қабылдаушы елдердің экономикасына, инновацияға, жаһандық инвестицияға және халықаралық саудаға әсер етуі мүмкін. Көптеген мемлекеттердің стратегияларында ТҰК-ты өз экономикасына тікелей шетелдік инвесторлар ретінде көруге бағытталған, сол себепті де олар инвестицияларды қолдау және инвестицияларды қорғау туралы келісімдерге қол қояды әрі тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған арнайы ұлттық агенттіктер құрады.

Қазіргі пандемиямен әрі Ресей мен Украинадағы жағдайға байланысты жаһандық дағдарыс кезінде ТҰК-тің жаһандық ТШИ-ң жаңа стратегияларына қатысты кейбір ережелерді толықтыру және нақтылау қажет. Атап айтқанда, індеттің салдарынан әлемдік сауда және инвестициялық жүйеге деген сенімнің әлсіргенін байқасақ, Дүниежүзілік банктің аймаққа арналған соңғы экономикалық есебінде Украинадағы жағдай мен Ресейге салынған ауқымды экономикалық санкциялар дүние жүзіндегі экономикаларға қатты соққы беруде, Еуропа мен Орталық Азиядағы дамушы нарықтар мен дамушы елдерге үлкен ауыртпалық болады деп күтілуде. Экономистер Украинаның ЖІӨ-і 2022 жылы 40 пайызға төмендеуі мүмкін, ал Ресейдің ЖІӨ-і 11,2 пайызға

қысқартатынын болжауда, біріншісінің экономикасы баяу қалпына келеді десе, екіншісінің жағдайы алдағы 2 жылда аздап түзеледі делінеді [8].




1-сурет. Дамыған және дамушы елдердің жаһандық ТШИ тартуы*

* [9] әдебиет негізінде құралған

Жоғарыдағы 1-суретке сәйкес, дамушы елдер дамыған елдерге қарағанда ТШИ-ды тартуда салыстырмалы түрде тұрақты. Бірақ індет басталғалы әлемдік ТШИ көлемі 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан кейінгі ең төменгі көрсеткішке жеткен. Дегенмен экономикалық өсім мен тікелей шетелдік инвестицияларды тарту туралы айтылғанда, сыбайлас жемқорлық маңызды фактор болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – дамушы экономикалардағы негізгі кедергі ретінде қарастырылатын құбылыс, ол инвестициядан түскен табысқа қатысты белгісіздікті арттырады және жеке немесе заңды тұлғалардың инвестиция құюға ынтасын төмендетеді.

2020 жылы Азиядан тартылған ТШИ ағыны 7 пайызға өсіп, 389 миллиард долларға жеткен. Мұндай өсімге Гонконг (Қытай) пен Тайландтан келген күшті ағындар әсер еткен. Қытайдан тартылған ТШИ ағындары 133 миллиард долларды құраған, солайша ол әлемдегі ең үлкен инвестор елге айналып отыр [10]. Қытайдың әлемдік өнім өндіруші елден жаһандық инвесторға айналуында АСЕАН елдері де маңызды арнаға айналып отыр [11].

Еуропадағы ТШИ ағыны 80 пайызға қысқарған, ал Солтүстік Америкаға тыртылған ТШИ ағыны күрт төмендеген. Америка Құрама Штаттары болса ең үлкен ТШИ ағынын қабылдаушы мемлекет болып қала береді, артынан Қытай еріп келеді (2-сурет).



2-сурет. 2019-2020 жылдары ТШИ-ды ең көп қабылдаған 10 мемлекет (млрд доллар)*

* [9] әдебиет негізінде құралған

ТШИ ағындары үшін маңызды заманауи сын-қатерлерге жаһандық цифрлық платформаны дамыту болып табылады, өйткені трансшекаралық онлайн сату платформалары компаниялардың

сыртқы нарықтарға шығуын айтарлықтай жеңілдетеді және басқа жерде өндіріс орнын ашу қажеттілігі туындамайды. Осылайша, ТҰК-тың өзге елде ТШИ-лар негізінде өндіріс орнын ашу классикалық моделі өзгеруде.

Қорытынды. Украинадағы ахуал әлемдік жаһандық жеткізу тізбектерінде жанжал туғызса, індеттің себебінен жеткізушілер мен тұтынушылардың бір-біріне жақындауынан жаһандық құн тізбегін құру өзгеруі мүмкін, бұл стратегиядан басқа ТҰК-лар бір өңірлерден активтерін алып, басқа аймақтарға құюы мүмкін. Мысалы, батыстың Ресейге қарсы жасаған санкцияларының нәтижесіндегі ТҰК-тың өндіріс орындарын тоқтатып немесе мүлде нарықтан шығуы секілді. Бұл шетелдік инвестициялардың кетуі өз кезегінде экономикалық өсімді тежейді.

Десекте, жаһандық құн тізбегін құрудың аймақтандыру қаупі бар, өйткені жеткізудің әртараптандыру деңгейін түсіру дамушы және нашар дамыған елдердің жаһандық құн тізбегін құруға қатысудан пайдасын төмендетеді, ал ол техникалық даму мен өндірісті тежейді. Сондықтан экономикалық өсім мен дамуды қамтамасыз ететін жаһандық құн тізбегін құрудың тұрақтылығын арттыру бойынша саясатты әзірлеу бірнеше тараптан келісімді талап етеді. Ұзақ мерзімді болашақта жаһандық құн тізбегі ұлғаюы мүмкін, онымен тұтынушылық сұраныс пен дамушы елдердегі жаңа нарықтың өсімі байқалатын болады. Одан бөлек, ағымдағы дағдарыста үкіметтер ТШИ-ді ұстап қалу жолдарын да жаңартулары қажет. Соның ішінде цифрлық инфрақұрылымды кемелдендіру, сапа сертификаты жүйесін дамыту, экспорттық өңдеу аймағын жетілдіру керек. Ал жаһандық құн тізбегінде қандай да бір орынды сақтап қалу үшін дамуы төмен мемлекеттер үшін халықаралық ұйымдар мен дамыған елдердің көмегі қажет. COVID-19 көрсеткендей тауарларды өндіру орындары бойынша шешімдер қабылдауда экономикалық ықпалдар әрқашан алға қойылмауы тиіс және болашақта мұны ТҰК-лар халықаралық әрекеттер жасамас бұрын басқару стратегиялары мен модельдерде, сондай-ақ тәуекелдерді бағалауда ескеруі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Herzer D., Kalsen S., Nowak-Lahman D., In search of FDI-led growth in developing countries // *Economic Modelling* – 2008. – 25. – P. 793-810
2. De Mello L.R., Foreign Direct Investment in developing countries and growth: a selected survey // *Journal of Development of Political Economy*. – 1999. – 34 (1). – P. 1-34.
3. Dunning J.H., Reappraising the Eclectic Paradigm in an Age of Alliance Capitalism // *Journal of International Business Studies*. – 1995. – P. 461-491.
4. Lim L.Y.C., Pang E.F., Foreign Direct Investment and Industrialization in Malaysia, Taiwan and Thailand // *OECD Development Centre*. – 1995.
5. Hodge A., Sriram Shankar D.S., Rao P., Duhs A., Exploring the Links Between Corruption and Growth // *Review of Development Economics*. – 2011. – P. 474-490. – DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1467-9361.2011.00621.x>.
6. Cieslik A., Gozcek L., Control of Corruption, international investment, and economic growth – Evidence from panel data // *World Development*. – 2018. – P. 323-335. – DOI: [10.1016/j.worlddev.2017.10.028](https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2017.10.028)
7. Loke B., China's economic slowdown: Implications for Beijing's institutional power and global governance role // *The Pacific Review*. – 2018. – 31(5). – P. 673-691. – DOI: [10.1080/09512748.2017.1408674](https://doi.org/10.1080/09512748.2017.1408674)
8. World Bank Group, War in the Region, Europe and Central Asia Economic update [Электронды ресурсы]. – 2022. – URL: <https://www.worldbank.org/en/region/eca/publication/europe-and-central-asia-economic-update>
9. UNCTADSTAT, Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual [Электронды ресурсы]. – 2021. – URL: <https://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx?ReportId=96740>
10. UNCTAD, World Investment Report 2021: Investing in Sustainable recovery [Электронды ресурсы] – 2021. – URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2021_overview_en.pdf
11. Mohan J., Malik M.J., Myanmar's role in China's Maritime Silk Road Initiative // *Journal of Contemporary China*. – 2017. – 27. – P. 362-378

REFERENCES

1. Herzer D., Kalsen S., Nowak-Lahman D., In search of FDI-led growth in developing countries // *Economic Modelling*. – 2008. – 25. – P. 793-810
2. De Mello L.R., Foreign Direct Investment in developing countries and growth: a selected survey // *Journal of Development of Political Economy*. – 1999. – 34 (1). – P. 1-34.
3. Dunning J.H., Reappraising the Eclectic Paradigm in an Age of Alliance Capitalism // *Journal of International Business Studies*. – 1995. – P. 461-491.
4. Lim L.Y.C., Pang E.F., Foreign Direct Investment and Industrialization in Malaysia, Taiwan and Thailand // *OECD Development Centre*. – 1995.
5. Hodge A., Sriram Shankar D.S., Rao P., Duhs A., Exploring the Links Between Corruption and Growth // *Review of Development Economics*. – 2011. – P. 474-490. – DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1467-9361.2011.00621.x>.
6. Cieslik A., Gozcek L., Control of Corruption, international investment, and economic growth – Evidence from panel data // *World Development*. – 2018. – P. 323-335. – DOI: [10.1016/j.worlddev.2017.10.028](https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2017.10.028)
7. Loke B., China's economic slowdown: Implications for Beijing's institutional power and global governance role // *The Pacific Review*. – 2018. – 31(5). – P. 673-691. – DOI: [10.1080/09512748.2017.1408674](https://doi.org/10.1080/09512748.2017.1408674)
8. World Bank Group, War in the Region, Europe and Central Asia Economic update [Elektronnyy resurs]. – 2022. – URL: <https://www.worldbank.org/en/region/eca/publication/europe-and-central-asia-economic-update>
9. UNCTADSTAT, Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual [Elektronnyy resurs]. – 2021. – URL: <https://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx?ReportId=96740>
10. UNCTAD, World Investment Report 2021: Investing in Sustainable recovery [Elektronnyy resurs]. – 2021. – URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2021_overview_en.pdf
11. Mohan J., Malik M.J., Myanmar's role in China's Maritime Silk Road Initiative // *Journal of Contemporary China*. – 2017. – 27. – P. 362-378

Жумагул Т.Т., Аширбекова Л.Ж.

**ПРЯМЫЕ ИНОСТРАННЫЕ ИНВЕСТИЦИИ И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ
В УСЛОВИЯХ ТЕКУЩЕГО КРИЗИСА**

Аннотация

В исследовании выявлены новые структурные изменения в мировых прямых иностранных инвестициях и экономического роста в условиях текущего кризиса. Сегодня мировая система прямых иностранных инвестиций испытывает значительные изменения в связи с пандемией COVID-19 и ситуацией вокруг Украины. Это выражается в рисках устойчивого экономического развития при формировании глобальных цепочек создания стоимости, сложности экономических отношений между странами и усилении торгового протекционизма. Исследование представляет собой описательную оценку и структурный анализ прямых иностранных инвестиций и экономического роста в мировой экономике. Статья осуществлялась в рамках доступной информации международных и общественных организаций, а также на основе научных исследований. В исследовании также рассматриваются негативные последствия текущего кризиса и коррупции для прямых иностранных инвестиций и экономического роста. В результате в будущем транснациональные корпорации будут диверсифицировать свои инвестиции с учетом местных рисков. Из-за пандемии замедлился приток прямых иностранных инвестиций и экономический рост, во многих сферах наблюдается недостаток реинвестирования доходов. Кроме того, мы считаем что в условиях текущего кризиса правительствам необходимо возобновить подходы не только в привлечении новых прямых иностранных инвестиций, но и способы их удержания.

Zhumagul T., Ashirbekova L.

FOREIGN DIRECT INVESTMENT AND ECONOMIC GROWTH IN A TIME OF CRISIS

Annotation

The study identified new structural changes in global foreign direct investment and economic growth in the context of current crisis. Today, the global foreign direct investment system is undergoing with significant changes due to the COVID-19 pandemic and situation in Ukraine. It is reflected in the risks of sustainable development in the formation

of the global value chain, the complexity of economic relations between countries and protectionism in trade. The purpose of the study is to identify new structural changes in global foreign direct investment and economic growth during the current crisis. The study is a descriptive assessment and structural analysis of foreign direct investment and economic growth in the development of the global economy. The article was carried out within the framework of the available information of international and public organizations, as well as on the basis of scientific research. The study looks at the negative effects of the current crisis and corruption on foreign direct investment and economic growth. In results in near future, multinational corporations will diversify their investments, taking into account local risks. Due to the pandemic, inflow of foreign direct investment and economic growth slowed down, in many areas there is a lack of reinvestment of income. In addition, we believe that in the context of the current crisis, governments need to renew their approaches not only in attracting new foreign direct investment, but also ways to retain them.

